

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОСТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Есказинова Ж.А., старший преподаватель; Сеитова А.А., студент; Зекең Г., студент
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада Қазақстанда шетел тілін оқытуда қостілділікті оқыту ерекшеліктері мен мәселелері қарастырылған. Қостілділік, билингвизм жайлы түсініктер берілген.

Кілт сөздер: қостілділік, билингвизм, мультилингвизм, полилингвизм.

Қостілділік қоғамда да, өмірде де өзіндік орын алады. Қостілділік - тек адамзатқа ғана тән әрекет; тек адамдар ғана тіл арқылы сөйлей алады, ұғыныса алады. Қостілділік адамзаттың ойлау, пайымдау үдерісімен бірге жүзеге аса отырып, тілдік қатынастың негізі, басты құралы болып табылады. Қостілділік — заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Қостілділік адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, бәрібір адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік туады. Алайда, қостілділік адамдардың бір-бірімен ұғынысуында, ойын еркін, толық жеткізуінде ерекше қызмет атқарады. Осы қарым-қатынас құралы болып табылатын көптілділікті ғалымдар әрқилы ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді. Қостілділік әлемдегі өркениет пен білім жүйесіне сәйкес тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, ой-пікірін дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал ететін, адам мен адамның қай тілде болса да түсінісуіне мүмкіндік беретін сала ретінде оқу жүйесіне енгізілді. Бұл сала қоғамдық әлеуметтік өмірді және ғылым мен білімді ұштастыра келіп, болашақ шетел тілі мамандарының дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой пікір түйіндеуге үйретеді.

Осы орайда Кембридж университетінің зерттеушілері білім беруде қостілділікті пайдаланудың ешбір зияндығы жоқ, керісінше пайдасы зор деген тұжырымға келген. Сонымен қатар Кембридж Университетінің PhD, профессоры Дора Алексополоу үнемі екі немесе одан көп тілдік жүйелерді басқару үшін қажетті психикалық гимнастика танымдық икемділікті арттырады және оңай үйретуге ықпалы зор екендігін дәлелдеген [1].

Қостілділік, мультилингвизм, полилингвизм – нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Қостілділіктің екі тілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бірыңғай, бір ғана этнос мекендейтін мемлекетте қостілділік сирек, яғни жеке адамның ғана қостілділігі ұшырасады (Жапонияда, Кореяда, Германияда, Исландияда). Қостілділік – АҚШ, Ресей Федерациясы, Үндістан, Нигерия сияқты жүздеген ұлт пен ұлыс мекендейтін мемлекеттерге тән құбылыс. Жаулап алу, халықтардың қоныс аударуы, көрші елдермен тығыз қарым-қатынас секілді тарихи себептерден кейбір халық өкілдерінің жаппай қостілділігі қалыптасқан. Сондықтан да қостілділік көп ұлтты жағрафиялық кеңістікте кең тараған. Мәселен, жаппай қостілділік Кавказдағы армян, аджар, осетин, күрд, грек, т.б. халықтар арасында, сондай-ақ, Дағыстан халықтары арасында жиі кездеседі. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан жағдай да осыған ұқсас.

Қазақстанда – көпэтносты ел және қостілділік – саяси, экономикалық, мәдениатаралық қана емес, әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастыратын өзекті мәселе.

«Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі – әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [2].

Жаһандану мәні ағылшын тілін білу. Осыдан барып кез келген заманауи адам бүкіл әлемде, әсіресе мегаполистерде өмір сүріп жатқан адамдар сан алуан тілдік ортада өмір сүреді. Қазіргі қоғамда адамдардың тек ана тілін білуімен шектеліп қана қоймаған билингвизм, тіпті полилингвизм феномені кеңінен таралуда.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл!» деп бабаларымыз айтқандай, өте ертеден ақ, әр адам өз ұлтының және мекен етіп отырған елінің тілін білуі қажет болған. Қазірдің өзінде жаһандану үрдісі етек алған заманда халықаралық байланыс құралы және халықаралық экономика, халықаралық білім беру тілі – ағылшын тілін білу қажеттілігін тудырды. Жеке индивид қаласа да, қаламаса да,

қабылдап, не қабылдамаса да жаһандану бас тартып кете алмайтын біздің әлеуметтік шындығымыз. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының кең мағынада тарихи даму үдерісімен шартталған. Ең басты әлемдік коммуникациялық кеңістік – Интернетте барлық ақпараттың 80% ағылшын тілінде ұсынылады.

Қазіргі таңда мектеп алды дайындық білім беру орталықтарынан бастап ағылшын тіліне үйретеді, ал үздіксіз білім беру сатыларында ағылшын тілін білу маңызды. Замана талаптарына сай елімізді болашаққа жетелейтін өсіп келе жатқан жас буын екені белгілі. Олардың бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік институт білім беру жүйесі.

Осылайша, қазіргі таңда, әсіресе жастардың бойында орыс-қазақ және қазақ-орыс тілдері арасында теңдігі қалыптасқан. Жастар мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің негізгі объектісі. Ендігі он жылдықта қазақ-орыс-ағылшын үш тілдік теңдіктің қалыптасуына сұраныс, қажеттілік тұрғысынан негіз бар. Мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілі, яғни полилингвизм – жаһанданып жатқан әлемнің талабы.

Билингвизм (көстілділік) және полилингвизм (көптілділік) – қазіргі таңда ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі күні көстілділік өзара қарым-қатынас жасаудың негізгі факторына айналып отыр. Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, билингвизм – жеке адамның екі тілде ұдайы қарым-қатынас жасауы, яғни сөйлеу, жазу тәжірибесі дегенді білдіреді [3].

Социоллингвистикалық тұрғыдан қазақтың үлкен ғалымы Б.Хасанұлы көстілділік мәселесіне көп назар аударып, осы мәселеге ерекше көзқарас білдірді: «Ана тілінің дамуы жанұядан бастау алады. Алайда кейбір қазақ жанұясында ана тілінің қолданылуы көңіл көншітпейді. Мемлекеттік қамқорлыққа алынған орыс тілінің арқасында көптеген өз тілін білмейтін қала қазағы бақуатты, ана тілін білмегендіктен, ұлттық мәдениеттен мақрұм, сондықтан да ондайлар ұлттық патриотизмнен ада болады. Оның жанұясында балалары мен немерелері басы біріккенде ана тілінде сөйлесе алмаса, оларда отансүйгіштік те болмауы, керек десеніз, көзқамандық орын алуы мүмкін. Сондықтан да Қазақстанның облыстары мен қала, аудандарында «Мемлекеттік тілдің тұрмыста, үй жағдайында қолданылуы» айрықша зерттеу жобасы нысанына айналуы керек. Нәтижесінде бесік жыры, ауыз әдебиеті, қазақ халқының бай мәдениетінен, тарихы мен салт-дәстүрінен мағлұмат беретін эпикалық туындылар жалғасын тауып, қазақ төрінен орын алары хақ» [4].

Шетел тілінде көстілділік ауызекі сөйлеу тілінің даму кезеңінде қалыптасады. Себебі бала отбасында бір тілде сөйлесе, балабақшада немесе аулада бірнеше тілдерді игеруі мүмкін. Мәселен, қазір өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді балабақшаларға өз балаларын беру жағдайы көп кездеседі. Көп балабақшаларда қазақ, орыс және ағылшын тілі сабақтары жүргізіледі. Сонда бала мектепке дейінгі жасында-ақ бірнеше тілді қатар үйрене бастайды.

Көстілділіктің қалыптасуына интернационалдық некенің де әсері бар. Мұндай әлеуметтік жағдай баланың екі тілді (орыс тілі және қазақ тілі, қазақ тілі және татар тілі, т.б.) қатар үйренуіне әкеледі. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балада табиғи билингвизм, кей жағдайларда көптілділік қалыптаса бастайды. Ал ғалым В.П.Беляевтың пікіріне сүйенсек: «...табиғи билингвизм сәйкесті тілдік ортада (теледидар мен радио) туындайды. Бұл тұста тілдік жүйенің ерекшелігін тану әрекеті жүрмеуі де мүмкін» [5].

Ғалым Е.А.Хамраеваның осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген аталмыш пікірі ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан балалардың көстілділігі анық көрсетеді: «образуется новый тип билингвизма, который можно определить как социально-обусловленный, коммуникативно-прагматический билингвизм. Никогда прежде язык не располагал такими мощными технологиями распространения и поддержки, как телевидение и Интернет, средствами массового, быстрого и достаточно легкого тиражирования информации» [6].

Тіл - адамзат қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты, қоғам – тілдің өмір сүруі үшін, адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін керек. Мемлекет - әлеуметтік жанды организм. Оның жаны – тілінде. Ана тілін шұбарлау - әлеуметтік дерт. Мемлекеттің кез келген азаматы сол мемлекеттің көркеюіне, өсіп-өркендеуіне, өрениетті елдер қатарына қосылуына аянбай қызмет етуі жолында аянбай қызмет ету керек. Осы бағытта мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару тілі дәрежесіне көтеру арқылы қызметтің барлық саласын мемлекеттік тілге көшіру жүзеге асырылуда. Мемлекеттік тілді ана тілі және өзге этнос өкілдеріне екінші тіл ретінде оқытып меңгертудің әдіснамалық, философиялық, психологиялық, дидактикалық негіздері ескерілуі тиіс.

Билингвизм — көстілділік, дербес екі тілде бірдей ойлап, жаза білетін өнер адамдарының психологиясын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік саласы. Әсіресе екі тілді қатар пайдаланатын өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ерекше назар аударатын ғылыми бағыт. Әуезов те сондай

тұлғалардың санатына жатады. Ол «Абай» трагедиясын орыс және қазақ тілінде бір мезгілде жазды. «Қасеннің құбылыстары», «Қынаптан қылыш», «Бекет», «Райхан», «Қалқаман-Мамыр» т. б. шығармаларын өзі орыс тіліне аударды. Әдеби мақалалары мен зерттеулерін, публицистикалық очерктерін екі тілде бірдей жазды. Қостілді жазушыларды құрмет тұтқан: «Бауыржан Момышұлының қазақ тілін өте жақсы білсе де, орыс тілінде одан да тамаша жазады» деп баға берген. Әуезовтің өзі түркі тектес тілдердің барлығында да еркін сөйлейтін болған. Бұл оның әдебиет пен мәдениеттік даму жолы мен өзара байланысын терең біліп, бағалауына ықпал жасаған.

Шетел тілінде қостілділікке оқыту – жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-дары өз үлесін қосуда. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде қойылатын басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шетел тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Шетел тілдерін оқыту үдерісінде қостілділік ерекше орын алады. Шетел тілін іс жүзінде меңгеруде, оны сабақ бағдарламасы көлемінде қолдануда көрсету әдісінің маңызы зор. Мұнда заттарды, суреттерді, түрлі кестелер мен сызбаларды көрсетумен қатар, одан да мәндірек сөз технологиясын көрсету, ауызша және жазбаша сөздің қалай жүзеге асырылатынын көрсету басым орын алады. Шетел тілінде сөйлейтін ортаның жоқтығы сол тілдегі сөзді көрсетудің маңызын арттыра түседі. Тіл материалын игеру — шетел тілін оқытудың мақсаты емес, керісінше, сол тілді қатынас құралы ретінде меңгерудің алғышарты, алға қойылған мақсатқа жетудің құралы. Адамдар бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасағанда ауызекі тілді қолданады.

Сонымен қатар шетел тілін оқытуда түсіндірудің маңызы едәуір болғанымен, қостілділік сабақ материалын меңгеру кезеңінде де, және сөз білігін игеруде де қолданылады. Мұғалімнің қолданатын барлық әдістері мен тәсілдері шетел тілін қатынас құралы ретінде қолдану практикасында жаттығуларда өз орындарын табуға тиіс. Сөз әрекетінің қандай түріне үйретсек те, сабақтың негізгі бөлігі жаттығу болады.

Осы орайда шетел тілін оқытуда қостілділіктің тәрбиелік маңызы зор. Оқушы тіл туралы мағлұматын толықтыра отыра, тілін оқып жатқан елдің әдет-ғұрпына, салт-санасына сыйластықпен қарауға, ерекшеліктеріне шыдамдылық, төзімділік және түсіністік танытуға тиіс, сонымен қатар, ол өз мәдениетін дәріптеп жақсы меңгерген ұлтжанды азамат болып тәрбиеленуі тиіс. Шетел тілін меңгеру Л.С. Выготскийдің сөзімен айтқанда, баланың психикасын жетілдіреді, оның жалпы абстрактілі ойлау қабілетін қалыптастырады және дамытады. Әр түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс істеу, лексиканы меңгеруге байланысты жаттығулар жүйесін орындау оқушылардың логикалық (қисынды) ойлау қабілетін дамытады. Жалпы айтқанда, шетел тілі оқушылардың жан-жақты дамуына өзінің сүбелі үлесін қосады[7].

Сонымен қатар шетел тілінде қостілділікті жеке тұлғаға бағыттап оқытуда оқушының қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, іс - әрекетін ескеретін, жан - жақты, яғни, интеллектуалды ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдай алатын, шығармашылық қабілетін дамытатын тұлғаның «мәдениетаралық қарым - қатынас субъектісі» қабілетін қалыптастыру қажет.

XXI-ғасырда бүкіл адамзатқа қажетті және бағалы болып саналатын бейбітшілікті орнатуда, яғни әрбір азамат өз ұлтының қасиетті құндылықтарына қамқорлық көрсетумен бірге өзге ұлттардың тілдеріне, діліне, діндеріне және мәдениеттеріне төзімділік танытып, құрмет көрсетуде қостілділік пен көптілділік категориялары маңызды рөл ойнайды.

Қорытындылай келе шетел тілін оқытуда қостілді білім беру жүйесі арқылы шетелдік ғалымдардың еңбектерімен және дүниежүзінде күнделікті болып жатқан жаңалықтар және өзгерістермен тікелей танысу мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. www.cam.ac.uk/festivalofideas/
2. http://www.akorda.kz/kz/category/poslaniya_narody. Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты.
3. Қазақ тілі: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.
4. Хасанұлы Б. Орталық Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытудың өңірлік социолінгвистикалық тетіктері. Қарағанды, 2014
5. Беляева, А.П. Методология и теория профессионального образования/ А.П. Беляева — Спб: Институт профтехобразования РАО, 1999. 480с.
6. Хамраева Е.А. Билингвизм как итог организации современного языкового образования в школах России. – электронный ресурс – <http://abarkan.ucoz.com/index/bilingvizm/0-55>.
7. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Психолог, 2001. 284с.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есказинова Ж.А., аға оқытушы; Қанат Ш. Қ., студент; Прлепесова А.Ж., студент
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада Қазақстанда шетел тілін оқытудағы мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен ерекшеліктері қарастырылған. Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі концепциясына анықтама берілген.

Кілт сөздер: мәдениет, мәдениетаралық қатысым, мәдениетаралық концепция.

Қазіргі уақытта әр түрлі қарым-қатынас жағдаяттарындағы тілдік тұлғаның іс-әрекеті мәселесімен көптеген ғалымдар айналысу үстінде. Олардың пайымдауынша қатысым барысында белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін келесі міндеттерді іске асыру керек:

- Басқа, өзге мәдениетке, мінез-құлыққа төзімділік, құрмет қалыптастыру.
- Әр түрлі мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттесуі мен қарым – қатынасқа түсуі үшін дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру.
- Мәдениеттің өзгешелігіне байланысты түсініспеушілікті болдырмау.

Яғни, мәдениетаралық қатысымда басты мәселе – әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің өзара тіл табысуы, қарым – қатынас кезіндегі түсініспеушіліктің алдын алу болып табылады.

Гальскова Н.Д және Гез Г.И пайымдауынша, тілдік білім беру көпмәдениетті және көптілді қоғамда адамдардың табысты тіршілік әрекетіндегі маңызды құралдардың бірі [1].

Мәдениет туралы ойлағанда ол елдің тілі мен болмысының айырмашылығы болып жатады. Болмыс туа біткен қасиет (Латын тілінен nascere: туылған); мәдениет өсіп, дамуға қатысты болып табылады (Латын тілінен colere: to cultivate-өсіру) [2].

Мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі – бұл функционалдық іскерліктер, яғни басқа мәдениет өкілінің пікірі мен ойын түсіну, өз мінез-құлық қатысымға сай бейімдеу, конфликт болдырмау, әртүрлі мінез-құлық түрлерін, нормаларын, құндылықтарын қабылдау. Құндылықтар дегеніміз – адамның әлеуметке, құбылыстарға, оқиғаларға, заттарға қатынасы, көзқарасы. Нормалар болса моральдық кодтар, адамның әлеуметтік ортадағы стандартты әрекеттері, мінез-құлық эталондары болып табылады. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік қазіргі кезде маман үшін аса маңызды, өйткені ол кәсіби мобильділік негізі болып табылады, қазіргі заман маманы өмірдегі жағдаяттарға, өзгерістерге бейімделе әрекет етуі тиіс. Жаңа заманның маманы шетел тілін жаңа деңгейде, мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгеруі тиіс.

Тілдік код мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі және де ол әлемге көзқарасты, яғни «әлем картинасы», халық менталитетін, әлемді қабылдау жүйесін қалыптастырады. Әлемнің тілдік